



Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жаңа алағаш

жаршысы



Жұмыссыздықты жоюдың басты кілтінің бірі – жастарды кәсіпкерлік саласына бейімдеу. Осы бағытта елімізде бірқатар жоба жүзеге асуда. Жұмыссыз болып тіркелген 15 826 қызылордалық ұлттық жоба шеңберінде субсидияланған жұмыс орындарына жолданды. Одан бөлек мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіп бастаған жастар жетерлік.

«ЖЖ» ақпарат

ХАЛЫҚ
газеті

Мерзімді басылымдарга 2024 жылдың I
жартыжылдыгына жазылу басталды.
Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол
үзбеңіз.



16,4 млн тонна астық бастырылған

Сонымен қатар 158 мың га аумаққа егілген картоп толығымен жиналды,

Қолайсыз ауа райынан зардап шеккен басқа қарыз алушылар тарапынан шарттар, ұсынылатын құжаттар тізбесі және міндеттемелерді қайта құрылымдау мәселелері бойынша өтініштер әлі де түсіп жатыр. «Ағнарлық несие корпорациясы» АҚ және «ҚазАгро-



Қазіргі таңда облыстар әкімдіктерінің ақпараты бойынша жоспар бойынша 2 млн тонна болса, 1 505 мың тонна

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сөзімізді ауылдағы
ағайынның тіршілігі және
оларға жасалып жатқан
қолдаулармен бастақ.
Мә, мемлекет әсіресе
соңғы жылдары кәсіп
ашып, пайдаға кенелемін
дүешілерге қолдау
білдіруде. Мәселен, биыл
ске қосылған «Ауыл
манаматы» жобасы, «Сыбаға»
және қайтарымсыз грант
үлестіретін бағдарламалар
жызымда қаншама ауыл
кәсіпкеріне кәсіп бастап, екі
қолға бір күрек тапқан.
Бүгінде олардың басым
көпшілігі ірі қара мен
кышқы асырап, ата кәсіпті
қандандырып отыр. Соның
бірі – Мөрәлі Шәменов ауы-
лының тұрғыны Бегалы
Ақмырзаев.

— Зейнетке шыққан соң бос отырмаудың қамымен іс бастауға қаржы іздедім. Мемлекеттің кәсіп бастауға ерекше оңдау көрсетіп жатқанынан хабардар едім. Сөйтіп өкімшілік қызметкерлерінің сүйемделуімен қаржылай қолдауға да ие болдым. Осылайша қаржыма алғашында Арал өңірінен 6 жылқы сатып алдым. Тәуекел етіп істі бастағандықтан мал басын көбейтуге мақсат қойдым. Алғашында оңай болмады, өзге өңірден әкелген жылқыларды жерсіндіруге уақыт керек болды. Шүкір, жаман емес, қазіргі таңда 30 жылқым бар. Мен өсім атқаспін



Атакәсіпті қолға алған

Ол мемлекеттен қосымша қаржылай қолдау болса деген үмітте. Әрине мал баққан еңбек адамы құжат жинауда қиналатыны тағы бар. Жергілікті билік-

Шаруа адамының айтуынша, малға керек жем-шөптен мәселе жоқ, ауылдан табылады. Шыны керек, жоңышқаның бағасы жылдағыдан қымбаттаған, мәселен, 1 пресс жоңышқа 700-1000 теңге

Әрине кәсіпке бейімделу – бүгінгі заман талабы. Ауыл тұрғындарының бұл бағыттағы тындырымды тірлігі қуантады.

Жандос ЖАЗКЕН



Бәсі биік білім ордасы

«Білімсіз ештеңе де болмайды, онсыз адам өзгеңің абзал қасиеттерін де тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат, ғылымға қолы жетпейді» деп айтқан ұлы ғалым, ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін әлі өз маңызын жоғалтқан емес.

Адам мен адамды теңестіретін білім болса, ой-өрісінді дамытып, бәсекеге қабілетті ететін алғашқы баспалдақ мектеп екені хақ. Оқушылардың өмірде өз орнын тауып, бір-бір кірпіш болып қалған үшін ерен еңбек етіп келе жатқан аудан орталығындағы іргелі оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі. Кеше әріптесім Ақнұр Алтынбек екеуіміз білім бөйгесінде биіктен көрініп жүрген мектептің тыныс-тіршілігімен танысу үшін арнайы алтын уаға атбасын бүрдық. Мектепке кірген сәттен жылы шыраймен қарсы алған директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары Гүлнар Смайллова бізге мектептің тарихынан бастап бүгінгі жай-күйіне дейін баяндады.

Қолға қалам ұстатып, жазу-сызу мен әріп үйрететін кез келген білім ордасының тамыры тереңнен бастау алатыны анық. Қазіргі таңда Жеңібек Райсбеқұлы басқаратын білім ордасы алғаш 1988 жылы 1070 оқушыға лайықтап салынған. 2021 жылы ұлы ғалым, ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби есімімен аталған. Бүгінде отыз жылдан астам тарихы бар мектеп-лицейде 155 ұстаз 1034 оқушыға білім беріп, еліміздің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Солардың ішінде 29 педагог-зерттеуші, 52 педагог-сарапшы, 41 педагог-модератор мәртебесін иеленген ұстаздар бар. Мектеп қазіргі заман талабына сай материалдық-техникалық базамең, заманауи кабинеттермен қамтамасыз етіліп, әр кабинет техникалық құралдар мен компьютерлер, интерактивті тақталармен, сондай-ақ әр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін оқу бөлмелері қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Атап айттар болсақ, химия, физика, биология, информатика, IT кабинеті бар.

Бұдан бөлек күні кеше «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ашылуы өткен. Бұл орталық білім алушыларды тәрбиелеп дамытуға және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Өткен оқу жылында 43 түлек алтын уа мектебімен қоштасып, барлығы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Оның 36-сы мемлекеттік грант иегері атанып, 7-әуі ақыты оқуға түскен. Биыл 89 түлек мектеп бітіреді. Қазіргі таңда барлығы ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалып жатыр. Дайындық езiмiнiң қатая бақылауында. 4 оқушы «Алтын белгiге» және 6 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. «Ұлт болашағы – білімді ұрпақ» қолында демекші, бүгінгі жас – елдің ертеңі, тірегі, кемел келешегіміздің кепілі. Сондықтан біздің басты міндетіміз – білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі»

деп ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, тәрбие мен білім қатар жүрсе ғана жастар бәсекеге қабілетті, жан-жақты болып қалыптасатыны рас, – дейді мектеп директоры Жеңібек Райсбеқұлы.

Білімніңсаражолымектепболса, алғаш есігін ашатын кілті – бастауыш сынып. Ең алғаш әріп танып, санауға, білімге деген құштарлықты оятуда бастауыш сыныптың атқаратын рөлі зор. Себебі бастауыш саты – оқушы өмірінің алғашқы баспалдағы. Білім, дағды, тәрбиенің қалыптасу бастамасы. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауыш сыныпта қаланады.

Аталған мектепте жаңа оқу жылында бірінші сыныпқа 78 бала қабылданған. Білім беру саласында өзіндік орны бар ғұлама атындағы мектептің тыныс-тіршілігімен танысуға барған әріптесім екеуіміз мектеп ұжымының салаға ауыз толтырып айтарлықтай үлес қосқанын аңғардық. Оған мектеп қабырғасындағы мәнмұндалап тұрған марапаттар дәлел. Аталған мектеп жыл сайын түрлі номинацияларды иеленіп келеді. Мәселен, білім берудегі жаңашыл шығармашыл, нәтижелі еңбегі, жоғары жетістіктері мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін биыл арнайы «Үздік жаңашыл мектеп» номинациясының иегері атанып, 4 млн теңге қаржылай сыйақымен марапатталған. Бұдан бөлек білім саласын дамытуға және педагог кадрлардың әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Білім бәйтерегі», «Табысты мектеп», «Білімнің биік тұғыры», «Үздік инновациялық мектеп» сынды бірнеше номинацияларды иеленіп келеді. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиада, ғылыми жоба сынды білім бөйгелерінде бақтарын сынап, қатысуы деңгейі де жоғары деңгейде. Олар білікті ұстаздармен бірлесіп үлкен дайындықтың нәтижесінде үздіктер қатарынан көрінуде. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетейік, оқу жылы басталғалы аудандық сайыстардан 51 оқушы түрлі жүлделі орындарға ие болса, облыс бойынша 12 оқушы мектеп абыройын асқақтатып, жүлдемен оралған. Иә, ғұлама атын иеленген мектептің оқушылары да, оқушысы да білім бөйгесінде биіктен көрінуі заңдылық. Үлкен жетістік – шебер ұстаз бен талапшыл басының, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжымның арқасы. «Адамды адам ететін – кітап, адамзат ететін – кітапхана» демекші, мектеп ордасында үлкен кітапхана жұмыс жасауда. Кітапханашы Феруза Досанованың айтуынша, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығы жоғары, әсіресе олардың көркем әдебиет шығармаларға қызығушылығы басым екен.

– Кітапхана қорында 45 699 кітап болса, оның ішінде 1932-сі – көркем әдебиеттер, 29 731-ы – оқулық, 27898-і – ғылыми-әдістемелік кітап. Биылғы оқу жылында оқушыларды толық оқулықпен қамтыдық. Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың поэзияға деген құлшынысын арттыруға, талғамына, таңдауына сай әдебиеттерді іріктеуге көмектесіп, оқуға деген ынта-ықыласын көтеруде кітапханада мәнерлеп оқу жарыстары, театрландырылған көрініс қою секілді түрлі танымдық шаралар ұйымдастырылып тұрады, – дейді кітапханашы.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында жыл сайын балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттырып, жас ұрпақтың бойына отансүйіштің сезімін қалыптастыру мақсатында республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылып келеді. «Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп текке айтылмаса керек.



Озат оқушы – мектеп мерейі



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білімді жас ұлт болашағы екенін атап өтті. Ауданда өз бойындағы талантын түрлі білім бөйгелерінде сынап, көш басынан көрініп жүрген оқушылар жетерлік. Солардың бірі мектептің озаты Нұржайнаның болашақта білікті маман болатыны анық.

Кенттегі Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы Нұржайнамен сөйлескенде расында әмбебап оқушы екенін аңғардық. Олай дейтініміз, көйпкер қолы қалт етсе, сурет салуды өзіне серік етіп, қалған уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиадаға дайындалады. Жай ғана қызығушылық ретінде бастаған сурет салу өнерінен қазіргі кезде алып жатқан жетістіктері жетерлік. Юсайд қоршаған орта және су ресурстарын қорғау жобасының ҚР-ның Сырдария өзені күніне негізделген «Туған жердің өзені» атты халықаралық байқауында топ жарып, I орынды иеленген. Әбіш оқулары республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде сурет салу бағыты бойынша I орынмен ма-

рапатталған. Алған алғыс хаттары да көп-ақ.

Көйпкеріміз бұған дейінгі барлық сайыста мерейін үстем болуын ұлағатты ұстаздарының, ата-анасының еңбегімен байланыстырады. «Ұстазсыз шәкірт – түл» деген қанатты сөзді қаперге алған өнерпазымыз алдағы ұлттық бірінғай тестілеуде де артылған сенімді ақтауға бел буып отыр.

– Сурет салуды хоббиімнің бірі ретінде көретінім, ал қазір сол хоббиім мені көп жетістікке жетуіме себін тигізуде. Қазір бұл салада көптеген жарыс пен байқауға қатысып жүрмін, солардың бірі – жақында өткен «Т.Айбергенов оқулары» атты байқау. Ол жерде мен «Шын дос болсаң, бір келіп сырласып

кет» бөлімі бойынша сурет салу бағытына қатысып, I орынды иеленген болатыным. Расында тек марапат емес, жарыс барысының өзі қызықты өтіп, ыстық естеліктерге толы болды. Өзім биылғы түлек болғандықтан мектепті осындай естеліктер бергені үшін қимай жүргенім бар, – дейді білімді жас.

Иә, мектеп жолы жетістіктерге толы Нұржайнаның болашағы да жарқын деп білемін. Тек суретте емес, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардан алған жетістіктері оған дәлел. Мәселен, республикалық «Жарқын болашақ» атты қазақ тілінен олимпиадаға қатысып, III орын иеленді. Сонымен қатар «Алтын қазына» облыстық байқауынан I орын алып, арнайы алғыс хатпен марапатталды.

– Шәкірттеріміздің әрқайсысы – мен үшін шоктығы биік жұлдыз. Олардың талабы мен талантын ұштап, шыңға шығаруды басты мақсатым деп білемін. Мысалы, Нұржайна мектептегі іс-шараларға белсене қатысады. Бос уақытында сурет салғанды ұнатады. Мектепшілік әдеби-мәдени іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүр. Болашақта шәкірттіміз биік белесті бағындырып, жақсы жетістіктерге жететініне сенемін, – дейді сынып жетекшісі Гүлдана Сейітқасымова.

Қазіргі кезде әрбір оқушының қабілеті көзілеспес жылдамдықпен дамуда. Мектептегі жаңа бағдарламалар күн сайын емес, ай сайын жанаруда. Білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Қазіргі кезде білім алуда Нұржайна айтпақшы, әр адамның бойындағы қабілеті маңызды. Себебі оқушының білім сапасы мен деңгейін анықтап, салыстырмалы мониторингтер жасауға көмектеседі. Сондықтан әр баланың өз бойындағы қабілетін ашып, оны дамыту әр ұстаздың міндеті болуы шарт.

Бетті дайындаған Ақтоты БҰРҚІТБАЙ, Ақнұр АЛТЫНБЕК

Маман мерейі

Білікті ұстаз

«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген. Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейіндегі физика пәнінің мұғалімі Айгүл Шілдебаева – бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда қажырлы еңбек етіп жүрген ұстаздардың бірі.



Мектеп оқу-білімге үйрететін орта болса, оның жүрегі – мұғалім. Білікті, білімді, ұлағатты ұстаз атауы, осы қасиетті ұғымды қастерлеп, қадір тұту, арындай таза ұстау әр мұғалімнің борышы деп білемін. Аталған білім ошағында бұл қасиеттерге берік мұғалімдер жетерлік. Бүгінгі көйпкеріміз – оқушының жан-жақты дамуында, қабілеті мен дарынының өрістеуінде және парасатты ой мен адамгершілік көзқарасының қалыптасуына сүбелі үлес қосып жүрген ұлағатты ұстаз.

– Мен бүгінгі таңда білім беру саласында 19 жылдай еңбек етіп келемін. Күн сайын алдымда отырған шәкірттеріме зер сала қараймын. Білім жолында үмітпен талпынған олардың алдында менің де ұстаз ретінде үлкен жауапкершілігім бар екенін іштей сеземін. Сондықтан менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары болуы тиіс, өйткені сол оқушының бойындағы қабілетті дер кезінде байқап, оны дер кезінде аша білу – менің ұстаздық парызым. Сыныптағы балалардың бірі зерек те алғыр, бірі жалқау, бірі баяу, бірі тым пысық. Ал менің бәріне беретін білімімнің мазмұны мен қоятын талабым бірдей, олардың мұны қабылдауы түрліше. Қалай болса да сол оқушының жүрегіне жол тауып, білімге деген құштарлығын ояту – әр ұстаздың міндеті, – дейді Айгүл Аманкелдіқызы.

Ұстазбен тілдесу барысында өзі айтпақшы, алға қойған мақсаттары көп білікті маман екеніне көзім жетті. Ол – жаңашыл ұстаз ретінде заман ағымына сай шәкірттерін жан-жақты дамытқан, мамандығына ерекше махаббатпен қарайтын, терең біліммен қаруланған тұлға.

Айта кетейік, көйпкеріміз Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен және «Қазақстан республикасы білім беру ісін қүрметті қызметкері» төсбелесімен марапатталған. Сонымен қатар мектеп әкімшілігінің, аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамоталары мен Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің алғыс хатымен, аудан әкімінің, облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталған. «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінде жүлдегер атанып, байқаудың республикалық кезеңінде бақ сынаған.

Айта берсек, ұлағатты ұстаздың салада жеңісі мен марапаттары көп-ақ, бірақ басты жетістік әрине өткен еңбегінің жемісін көруінде. Ал ұстаздың жемісі тәрбиелеп отқан шәкірті екені белгілі. Айгүл апайдан білім алған оқушылар расында зерек әрі өте алғыр. Мәселен, былтырғы түлек Ақерке Жұмағали физикадан аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып, оның қорытындысымен білім грантын иеленген. Былғы оқу жылында шәкірттері ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарында белсенділік танытып, екі оқушысы республикалық кезеңге жолдама алған.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп Маржан Жұмабаев дәл айтқан. Шәкірттерін білім нәрімен сусындаып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда ұстаздың еңбегі зор. Ол сонысымен де қастерлі.

Шәкірттерін терең біліммен қаруландырып, үлкен өмірге дайындау – тек білімді ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Осындай ауыр жүкті көтеріп жүруде еш шаршамаған Айгүл Аманкелдіқызы әлі талай жастың қанатын қатайтып, үлкен өмірге қадам басуына септігін тигізе бермек. Өз ісіне берілген, шәкірттерінің білімде бағын жағып, жастарды өз ісінің мықты маманы болуға қайрап жүретін көйпкеріміздің еңбегі жастарға өнеге.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҮРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ХАБАРЛАМА

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихаты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру жөнінде хабарлайды.

Аумақтық сайлау комиссиялары жеті мүшеден құрылады. Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын сайлау учаскелеріндегі сайлаушылардың санына қарай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жыл. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялар сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, сайлау комиссиясына өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша мәслихат сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары, қалыптастырылушы комиссияларға қатысты **2023 жылғы 13 қараша мен 8 желтоқсан аралығында** мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
- 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірмесі;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтының <https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-zhalagash?lang=kk> атты парақшасында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Аумақтық сайлау комиссиясының мүшелігіне ұсынылатын адам аумақтық сайлау комиссияларының мүшелеріне қойылатын білім деңгейіне, еңбек өтіліне және (немесе) жұмыс өтіліне, сайлау комиссиясының міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіптік құзыреттерге белгіленген бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес болуға тиіс. Аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсындағы «Сайлау комиссияларының мүшелерін қашықтықтан оқыту және тестілеу» шағын жүйесі арқылы сайлау заңнамасын білуге тестілеуден өткені туралы куәлігі болуы тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық және толық емес аға-інілер, ата-әжесілер, немерелер) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындаланған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгілі қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау **2023 жылдың 8 желтоқсанына** дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13: 00-ден 15: 00-ге дейін.

Жалағаш аудандық мәслихаты
Жалағаш аудандық мәслихаттың төрағасы - У.Елеусинов.
Мәслихаттың орналасқан жері Жалағаш кенті, Өйтеке би, 14 үй.
Жауапты маман –Досмағамбетов Рустем Түлебаевич, каб. н/с, 2 қабатта, байланыс телефоны (872431)32389, ұялы телефоны 8-777-680-34-50, электрондық пошта мекенжайы maslihat.zhalagash@mail.ru

Жалағаш аудандық мәслихаты аудандық сайлау комиссиясының және 23 учаскелік сайлау комиссиясының мүшелерін сайлайды:

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясының мүшелерінің саны
1	2	3	4
Аудандық сайлау комиссия			
1.		Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №28, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы ғимараты	7
Учаскелік сайлау комиссиялары – 23			
1	№ 128	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, Аудандық мәдениет үйі ғимараты	7
2	№ 129	Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, №202 орта мектеп ғимараты	9
3	№ 130	Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, №31 мектеп-гимназия ғимараты	7
4	№ 131	Жалағаш кенті, М.Шәменов көшесі №124, №201 мектеп-лицей ғимараты	7
5	№ 132	Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, №246 орта мектеп ғимараты	7
6	№ 133	М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, Ауылдық мәдениет үйі ғимараты	5
7	№ 134	Қаракеткен ауылы, А.Құнанбаев көшесі №26, №114 орта мектеп ғимараты	5
8	№ 135	Далдабай ауылы, Д.Жаппынов көшесі №49, №115 негізгі мектеп ғимараты	5
9	№ 136	Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №12 «А», Ауылдық мәдениет үйі ғимараты	5
10	№ 138	Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	7
11	№ 139	Ақсу ауылы, Т.Елеусинов №14, №116 орта мектеп ғимараты	7
12	№ 140	Аққыр ауылы, Н.Таспенев көшесі №4, №188 орта мектеп ғимараты	5
13	№ 141	Жанаталап ауылы, Ө.Қожабаев көшесі №21, №119 орта мектеп ғимараты	5
14	№ 142	Т.Жүргенов ауылы, М.Нұрылдаев көшесі №38, Ауылдық мәдениет үйі ғимараты	7
15	№ 144	Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 «А», Мәдениет ауылдық клуб ғимараты	7
16	№ 146	Мырзабай ахун ауылы, Ө.Жүргенбаев көшесі №28, №122 орта мектеп ғимараты	5
17	№ 147	Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7, «А» Аққұм ауылдық клуб ғимараты	7
18	№ 149	Еңбек ауылы, Т.Дәуртбаев көшесі №5, Ауылдық мәдениет үйі ғимараты	7
19	№ 151	Есет батыр ауылы, К.Өбішов көшесі №26, Ауылдық мәдениет үйі ғимараты	7
20	№ 152	Жанадария ауылы, Достық көшесі №20, №203 орта мектеп ғимараты	7
21	№ 153	Жалағаш кенті, А.Ізтілеуова көшесі №18, №123 мектеп-лицей ғимараты	7
22	№ 377	Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», Жалағаш ауданының полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты	5
23	№ 378	Жалағаш кенті, Н.Мырзалиев көшесі №73, Жалағаш аудандық аурухана ғимараты	5

Жалағаш аудандық мәслихаты

К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ, ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ И ВЫШЕСТОЯЩИХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

СООБЩЕНИЕ

Жалағашского районного маслихата Кызылординской области о формировании нового состава избирательных комиссий

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах) маслихат Жалағашского района Кызылординской области сообщает о формировании нового состава территориальной и участковых избирательных комиссий. Территориальные избирательные комиссии образуются в составе семи членов. Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией района в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет. Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соотвествующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с **13 ноября по 8 декабря 2023 года** представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата <https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-zhalagash?lang=kk>. Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Лицо, предлагаемое в состав территориальной избирательной комиссии, должно соответствовать утвержденным квалификационным требованиям к членам территориальных избирательных комиссий, установленным к уровню образования, стажу работы и (или) опыту работы, профессиональным компетенциям, необходимым для исполнения обязанностей члена территориальной избирательной комиссии, а также иметь сертификат о прохождении тестирования на знание законодательства о выборах через подсистему «Дистанционное обучение и тестирование членов избирательных комиссий» на интернет-ресурсе Центризбиркома.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, предоставляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Принем предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до **8 декабря 2023 года** с понедельника по пятницу с 09:00 до 19:00 часов, перерыв с 13:00 до 15:00 часов.

Жалағашский районный маслихат

У. Елеусинов – председатель Жалағашского районного маслихата.
Местонахождение маслихата: поселок Жалағаш, ул. Айтөке би, №14.
Ответственное лицо – Досмағамбетов Рустем Түлебаевич, каб.б/н, на втором этаже, контактный номер телефона: (872431) 32389, мобильного телефона 8-777-680-34-50, адрес электронной почты: maslihat.zhalagash@mail.ru

Жалағашский районный маслихат избирает членов районной избирательной комиссии и 23 участковых избирательных комиссий:

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
Районная избирательная комиссия			
1.		Поселок Жалағаш, ул. Желтоқсан №28, Здание районного управления государственных доходов	7
Участковые избирательные комиссии – 23			
1	№ 128	Поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №7, здание районного дома культуры	7
2	№ 129	Поселок Жалағаш, улица 50-летия Победы №20, здание средней школы №202	9
3	№ 130	Поселок Жалағаш, улица Казыбек би №40, здание школы-гимназии №31	7
4	№ 131	Поселок Жалағаш, улица М.Шаменова №124, здание школы-лицея №201	7
5	№ 132	Поселок Жалағаш, улица Абая №61, здание средней школ №246	7
6	№ 133	Село М.Шаменова, улица Бухарбай батыра №6, здание сельского дома культуры	5
7	№ 134	Село Каракеткен, улица А.Қунанбаева №26, здание средней школы №114	5
8	№ 135	Село Далдабай, улица д.Жалтынова №49, здание основной школы №115	5
9	№ 136	Село Тан, улица Орынбай жырау №12, здание сельского дома культуры	5
10	№ 138	Село Бухарбай батыра, улица Бухарбай батыра №21, здание сельского дома культуры	7
11	№ 139	Село Ақсу, улица Т.Елеусинова №14, здание средней школы №116	7
12	№ 140	Село Аққыр, улица Н.Таспенова №4, здание средней школы №188	5
13	№ 141	Село Жанаталап, улица А.Қожабаева №21, здание средней школы №119	5
14	№ 142	Село Т.Жүргенова, улица М.Нұрылдаева №38, здание сельского дома культуры	7
15	№ 144	Село Мәдениет, улица Қалдан батыра №11«А», здание сельского клуба Мәдениет	7
16	№ 146	Село Мырзабай Ахуна, улица А.Жүргенбаева №28, здание средней школы №122	5
17	№ 147	Село Аққұм, улица Бейбітшілік №7 «А», здание сельского клуба Аққұм	7
18	№ 149	Село Еңбек, улица Т.Дәуртбаева №5, здание сельского дома культуры	7
19	№ 151	Село Есет батыра, улица К.Айыпова №26, здание сельского дома культуры	7
20	№ 152	Село Жанадария, улица Достық №20, здание средней школы №203	7
21	№ 153	Поселок Жалағаш, улица А.Изтеулова №18, здание школы-лицея №123	7
22	№ 377	Поселок Жалағаш, улица Нефтебаза №1 «А», здание изолятора временного содержания Жалағашского РОП	5
23	№ 378	Поселок Жалағаш, улица Н.Мырзалиева №73, здание Жалағашской районной больницы	5

Жалағашский районный маслихат

Түсіме жиі енесің, киелі есім

Сезім пернелеріңді деп басытын Мұқағали поэзиясы дертіңнің дауасы, жаныңның сырласы ма дерсің.

«Қарашаның қалықтап желіменен, Қаздар кетті қоштасып көліменен. Қаздар кетті, құлақта үні қалды. Жазды әкетті, әкетті тұнық әнді» деп келетін жолдары жанымды жаңшып өтіп, әкемді еске түсіре берді. Жарық болып туылып, жарқын ғұмыр кешкен аяулы әкемді. Жаны жайсаң, жүрегі кең, жан баласы туралы жаман ойлаудан қорқатын бала көңіл, дархан пейіл, сөзге шешен, әзілге шебер, ақын жанды қайран әкемді... Қарашаның желімен бірге қалықтап, көлімен қоштасып кеткен қаздардай бұл дүниенің дидарымен мәңгілікке қоштасып кете барды. Ағын судай жүйрік уақыт сол күзде салған жан жарасын емдеді ме, әлде сол жарамен өмір сүруді үйретті ме білмеймін, бес жыл сығып өте шығыпты. Асқар тауымыз шағылып, өңіреп еңсеміз түскен, анашымның аңырап сыңарын жоқтаған күн қарашаның қара суық күні еді.

Сол жылдың қарашасы ерекше суық болып, табиғат-ана бізбен бірге жоқтасқан еді. Құлақта үні қалып, тұнық әнді ерте кеткен қаздардай жазым әкешіммен бірге кетіп, көңілімнің айдыны суалып, күңіренген күзім басталған-ды. Қазақтың әндерін нақышымен орындайтын жағымды дауысы да, мейірім лебі есетін қоңыр үні де, жарқын бейнесі де, келісті келбеті де сап-сары сағынышқа айналды. Аруанадай боздаған сол сағыныш елесін құшып, әрі-сәрі күйге түсіретін түсіме енген сәттерді асыға күтеді.

Менің әкем Иманқұлов Нұрқасым гибратты ғұмырдың иесі болды деп мақтанышпен айта аламын. Есімі ауданда белгілі абыз ақсақалдыққа жеткен шағында, 72 жасында өмірден өтті. Ел сыйлаған тау тұлға болды. Қазақ әдебиетінде ол білмейтін шығарма, ол естімеген кейіпкер кемде-кем. Бала кезден көкейімізде жатталып қалған бір бейнесі – шалқасынан түсіп, кітап не газет оқып жататын. Әдебиетке деген құштарлығы мен арманы жетелеп, Алматыдағы ҚазГУ-дың Филология факультетіне оқуға тапсырып, түсе алмай қалады. Құнанбай образы, «Қыз Жібек» жырындағы Сансызбай бейнесі тақырыптарымен келген емтихан сұрақтарына мүдірмесе де, емтихан алушының «обедтің уақыты болды» деген ишарасын түсінбепті. Өзінің ақкөңіл, аңғалдығынан ба, әлде өзіне бек сенімді болды ма, әйтеуір меселі құрып, тауы шағылған сол оқиғаны өмір бойы өкінішпен айтатын. Десе де ветеринар мамандығым білім алып, аудандық, ауылдық ветеринария саласында білікті маман болды, құрылыс, егін шаруашылықтарында адал еңбек етті. Бізді де адал жолмен нан табуға тәрбиеледі.

Өмірден өткен адам жайлы қазақ әрқашан жақсы сөз айтады. Жаназада қойылатын жалғыз сұраққа да «жақсы адам еді» деп жауап береді. Ал ол сөзге өмірімен, ізгі амалымен, көркем мінезімен, білімімен, бар болмысымен өлгенше лайық боп өтетін жандар болады. Менің әкем де – сондай жандардың бірі. Толқытып, шалқытып өн салатын қоңыр үнімен, сөз өнеріне жетік шешендік, ақындық қасиетімен, кермиық күлімдеп, нұрлана қарайтын жарқын жүзімен, жайсаң мінезімен, жарқылдап жүретін қалпымен өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Ат сүрінгенше тауып айтатын сүбелі ой, жарасты әзілдері аудандық газеттің «Ауылдың айтқыштары» айдарымен сан мәрте жарық көріп, ел ауызында айтылып жүрді. Әкемнің замандастары мен ауылдастары тапқырыпқпен айтылған шумақтарын, әзілдерін жатқа айтып, әкем жайлы тек қана жақсы естелікпен бөліседі, атын атап, көздеріне жас алады. Өмірі көркем әкеміздің өлімі де көркем халде болғанға ұқсайды. Ойда жоқта «қыңқу» дегізбей, жақындарына салмағын салмай дүниеден өткен әкеміздің жоқтығына Алланың бұйрығына қарсы келмеген күйде үңсіз егілеміз, сағына еске аламыз. Жақсы адамның баласы дегізген қайран әкем, пейіште нұрың шалқысын!

Ақжарқын НҰРҚАСЫМҚЫЗЫ

Қосылған құн салығы есебіне тіркеу



Салық кодексінің 82-бабы 4-тармағына сәйкес ҚҚС тіркеу есебіне ең төмен айналым республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын АЕК 20 000 мың еселеңген мөлшерін құрайды.

2022 жылы АЕК 3 063 теңге, ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қоюдың ең төменгі айналым сомасы 61 260 000 теңге, 2023 жылы АЕК 3450 теңге, 69 000 000 теңге.

Бұған дейін, 2021 жылы ең төменгі айналым АЕК 30 000 еселеңген мөлшерін құраған немесе айналым сомасы 87 510 000 теңге болған.

Ең төмен айналымға оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің АЕК 124 184 (2022 ж. 380 375 592 теңге, 2023 ж. 428 434 800 теңге) еселеңген мөлшері шегіндегі, үш құрамдасты интеграцияланған жүйе (трехкомпонентная интегрированная система – ТИС) міндетті түрде қолданыла отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысанында жасалған айналымдары қосылмайды.

Салық кодексінің 82-бабы 1-тармағына сәйкес, егер ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою айналымы ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайда, ҚҚС тіркеу есебіне қоюға жататын тұлғалар орналасқан жеріндегі салық органына ҚҚС бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

Салықтық өтініш айналым мөлшерінің ең төмен айналымнан асып кетуі туындаған ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей, өзі келу тәртібімен қағазжеткізгіште немесе электрондық нысанда беріледі.

Өтінім кеш берілсе, ҚҚС уақтылы тіркеу есебіне тұрмағаныңыз үшін, бұзушылық туындайды. ҚР ӘҚБтҚ 269-бабы 3-тармағына сәйкес 50 АЕК (елу) көлемінде айыппұл салынады. 2023 ж. - 172 500 теңге, осы кодекстің 897-1 бабына сәйкес, егер хабарлау табыс еткен күннен бастап айыппұл сомасын он тәулігі ішінде теле-сеңіз, онда айыппұл сомасының елу пайызы 83 250 теңге мөлшерінде төлейсіз.

Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтҚ 275-бабы 5-бөлігіне сәйкес, жауапкершілік ҚҚС бойынша шекті мәннен асқан сәттен бастап, ҚҚС тіркеуге дейінгі көзіндегі салық салыныатын айналым сомасынан 15% мөлшерінде айыппұл қарастырылған (бұл бапқа, осы кодекстің 897-бабы 1-1 тармағына сәйкес әкімшілік айыппұл мөлшерін қысқарту қолданылмайды).

Жалағаш ауданы жөніндегі Мемлекеттік кірістер басқармасы

Ауыл тынысы

КЕШЕ ТҰСАУА БАСТАЛҒАН ЖАҢБЫР ҰЗАҚ ЖАУҒАСЫН БА, БЕЙСЕНБІНІҢ ТАҢЫ БҰЛТТЫ БОЛДЫ. ӘДЕТТЕГІДЕЙ ТІЛШІЛІК ТІРШІЛІКПЕН ЖОЛДАМЫЗ, БАҒЫТЫМЫЗ – МӨРӘЛІ ШӘМЕНОВ АУЫЛЫ. ҚАЗІР РЕДАКЦИЯНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОБЫ БІРНЕШЕ КҮННЕН БЕРІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ ЖҰР. МАҚСАТ АЙТПАСА ДА ТҮСІНІКТІ, ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСУ, ЕЛ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР БАР, СОНЫ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІКТІҢ НАЗАРЫНА САЛУ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Шаруасы шираған Мөрәлі Шәменов

Жалағашта да былтыр 500 гектар бақшалық жер ашылып, қарапайым халыққа үлестірілген. Көбісі күзге дейін қыстық азығын қамдап алды. Бірақ кейбірі оны да өз пайдасына жаратуды да білмейтін сияқты.

Жер дайындап бергенде қалай, тың жерден бақшалық қаншама гектар жер ашылады, оны қоршап, аяқ су да жеткізіп береді, ал тұрғындар тек екен өнімінің шығымына жауапты.

Биыл Мөрәлі Шәменов ауылында осы мақсатта 4 гектар жер ашылған, аяқ судан да мәселе болмапты. Бірақ өкініштісі, тың жерлер игерусіз қалған. Себебі тұрғындар тарапынан оған бақша салуға сұраныс жоқ. Ғәлекен үй-үйді аралап, жазда егін егуге елді үгіттегімен қозғалыс болмағанын айтады.

— 4 гектар жер ашылды, су деген төбенен құйып тұр. Бірақ тұрғындар биыл бақша салған жоқ. Алдағы жылы да жаңадан тың жерлер ашылады. Тұрғындардың бақша салуына жағдай жасаймыз. Тек халық соны өз пайдасына жаратса дейміз. Бұл — түсінген адамға таптырмас мүмкіндік,

да жалғасады. Бұйыртыса, ауылдағы 197 тұрғын үй келер жылы көгілдір отынға қосылғалы тұр.

— Енді бұрынғыдай күл шығарып, түтін-түтін болып от жақпаймыз. Тәуекел, осы қысты еңсерсек, алдағы жылу маусымы бізге оңай болайын деп тұр. Аудан орталығынан келе жатып, қарқынды газ құрылысына куә болып, көңілімізді бір демдейміз. Көрінген таудың алыстығы жоқ, ауылда отырып көгілдір отын тұтынсақ, одан асқан бақыт бар ма, Бұйыртыса, шалғай ауылдар да оның игілігін көрер, біз үшін биылғы жылдың басты жаңалығы осы болды. Ауылға келген көгілдір отынның алдағы уақытта тек тұрмысқа ғана пайдасы тимейді. Себебі бізде жылжымай ісімен айналысқысы келетіндер көп. Тіпті атакәсіп ретінде ертеректен жалғастырып отырғандар бар, оларға да пайдасы тиеді. Қыстай жылжымай ашып, өнім сатсақ, барлық пайда сонда. Сондықтан оның бір жағынан кәсіпкерлікке де пайдасы орасан болғалы тұр, — дейді ауыл тұрғыны Бағдат Пұсырманов.



күнделікті тұтынатын өнімінді сатып алғаннан өзін өндірген кімге болса да тиімді ғой, — дейді Ғалымжан Есжанов.

Ауыл халқы көгілдір отын тұтынады

Бір жылдары аудан орталығын былай қойғанда, бас шаһардың кейбір шағын аудандарына газ жеткізу үлкен мәселе еді. Кент тұрғындарының да күл алып, от жағудан қолы босағаны кеше ғой. Қазір Жалағашта ауылдық округтерге көгілдір отын жеткізу жұмыстары басталып кетті. Әсіресе көңіттің маңындағы ауылдар халқы көгілдір отыннан дәмелі. Соның бірі — осы Мөрәлі Шәменов ауылы.

Жергілікті халық осыған дейінгі сапарымызда тек «Ауылға газ тарту жұмыстары қашан басталады, біз қашан оны тұтынамыз?» деген сауалдың астына алатын. Осы сауалды кеше Ғәлекеннің өзіне қойдық. Бұйыртыса, алдағы жылы ауыл халқы көгілдір отын тұтынады.

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» деп барлығын жақсылыққа жоритын жұрттыз ғой. Апта басында кент іргесіндегі қос елді мекенге газ кіргізу жұмыстары басталып кетті. Соның бірі — Мөрәлі Шәменов ауылы. Елді мекенге газ тарту жұмыстарына жалпы құны 585 млн теңге қаралған. Бұл — өтпелі жоба, яғни келер жылы



Алдымызда әлі 25 шақырым бар, әріптесім Жандос Жазкен екеуміз, ауылға жасаған бұрынғы сапарларымызды қаузап көлеміз. Иә, кент іргесіндегі елді мекен бұрын ат ізін салмаған ауылымыз емес. Өткен шақты ой елегінен өткізіуіміздің де өзіндік себебі бар, өйткені ауыл өкіміне қоятын сауалымыздың басым бағыты да соған байланысты. Көзбен көріп, құлақпен естіген таптаурын мәселелердің бүгінге дейін қайсысы шешімін тапты немесе қашан шешіледі, сапардың да негізгі мақсаты сол еді, осы сауалдардың жауабын ауыл өкімінен білу.

Тақтайдай тегіс жолда көлігіміздің де екінші тынысы ашылғандай, жүргізуші Рысбек Қанибайдың жылдамдықты бәсеңдетер түрі жоқ. Кент сыртындағы «Ақтерек» лагерінен асқанымыз сол еді, жолдың қос бетінде атыздық алқаптар бірінен кейін бірі жалғаса берді. Биыл сала мамандарынан аудан диқандары жылды жоғары нәтижемен қорытындылағанын естігенбіз. «Аяқ су қат болды» деп сөзін бастайтын төрағалардың да егіс алқабындағы бітік өнімді көріп, оған күмән келтіре алмаймыз. «Дарияның жағасында жатқан ауыл да биыл Жер-Анадан ырзық-несібесін айырған болар» деймін іштей.

Кіреберіс жол күрделі жөндеуден өтеді

Ауылдың паспортынан бұрылғанымыз сол еді, Ресек темир тұлпарының тізгінін тарта берді. Бір жылдары жол құрылысы қарқын алған ауылдың кіреберіс жолы әлі жөндеуден өтпепті. Не керек, осыған дейін бірнеше шақырымды аз уақытта артқа тастап, қысқа жолда көп бөлегенімізге қаланымыз. Бірақ шекеміздің тырысуын ауыл өкімінің осыған қатысты сауалымызға берген жауабы жазды.

Алғашқы аялдамамыз жергілікті әкімдік болды. Күні бұрын баратынымызды айтқасын ба, ауыл өкімі Ғалымжан Есжанов та әкімдік алдынан табылды. Түсе сала амандық-саулық сұрасып, кіреберіс жолдың жайын назарға салдық. Ауыл өкімінің ауызын бақсақ, келер жылы 1,2 шақырым қысқа жолға асфальт төселеді екен. Оған қазынадан 300 млн теңгеден астам қаражат қаралған, мердігер мекеме анықталса, алдағы жылы кіреберіс жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүреді.

Ғәлекеннің сөзіне сүйенсек, Мөрәлі Шәменов ауылында 12 ішкі кеше бар. Былтыр жалпы құны 109 млн 760 мың теңгеге 9 көшеге асфальт төселген. Биыл 1 шақырымға жуық Бұқарбай батыр атындағы орталық көше күрделі жөндеуден өтті. Ал қалған 2 көшеге тас төселген. Биыл ауылда тағы 2 ішкі көше ашылған, келер жылы олар да орташа жөндеуден өтеді.

Салада серпін бар

Мыңнан астам халқы бар елді мекенде соңғы жылдары кәсіпкерлік саласы да қанат жайған. Ғәлекен бұрын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында түрлі бағдарламалар жұмыс жасайтыны жөнінде үй-үйді аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізгенін айтады, сол жұмыстардың жемісі болар, бүгінде ондай қолдауларды өз мүмкіндігіне жарату үшін тұрғындар мамандардың миын шақпайды. Барлығы да өздері құжат жасап, несие алуға машықтанып алыпты.

Бірақ кейбір тұрғындар кәсібін өрістетпейін десе, әрі қарай басқа да сүйемелдейтін қандай бағдарламалар барын білмейтін болып шықты. Сондықтан осы бағытта жұмысты әлі де жүйелеу керек сияқты. Бұл тұрғыда өкімнің сөзіне талассымыз жоқ, тек тұрғындарға қандай көмек болады, осы жағын зерделеп, сүйемелдеуде жасайтын жұмыс жоқ емес.

Осыған дейін Мөрәлі Шәменовте 60 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Қазіргі таңда оның 59-ы жұмыс жасап тұр. Биыл іс бастау және кәсібінің көкжиегін кеңейту мақсатында 7 адам мемлекеттік бағдарламалармен пайыздық үстемақысы төмен несие алыпты. Оларға жалпы құны 30 млн теңге үлестірілген. Мұнан бөлек 6 адам ауылда шағын жобасын жүзеге асыру үшін қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізген. Бүгінде оның барлығы жұмыс жасап тұр. Тіпті алды өнімдерін бірнеше елді мекенге жөнелтіп жатыр. Міне, аядай ауылда азғантай ақшамен кәсіп бастап, оның берекесін көруде олар тындырымды жұмыс жасауда.

Бақша салуға тұрғындар неге құлықсыз?

Соңғы жылдары Сыр елінде тұрғындарға бақшалық жер дайындап беру үрдіске айналды. Аймақ басшысының бұл тапсырмасы нарықтағы бағаның шарықтамауына айтарлықтай сеп болғанын жақсы білеміз.

Мәселе

Заңсыз 20 ойын бизнесінің жолы кесілді

Бүгінгі қоғамда заңсыз ойын бизнесі өршіп тұр. Күн санап құмар ойынның құрығына іліккендер қатары да артып келеді. Жалпы елімізде лудомания дерті үлкен мәселеге айналып отыр. Құмар ойынның салдарынан талай отбасы ойрандалып, көптеген жастың ажал құшқаны ащы да болса шындық. Депутаттар, психологтар қасіретке айналған заңсыз ойын бизнесімен қоғам болып күресу қажет екенін алға тартады. Бұл бойынша жауапты мамандардың тарапынан қатаң шаралар да көрілуде. Алайда қоғам қасіретіне айналған бұл дертпен күресу оңай болмай тұр.



Мамандар ойынқұмарлықтың нашақорлық пен алкогольге тәуелділіктен де зиян екенін алға тартады. Себебі құмар ойынға салынған адам жеңілген сайын депрессияға ұшырап, жүйкесі жұқа бастайды. Тіпті есінен адасып, қылмыстық жағдайларға барып жатады. Ал ондай адамды одан арашалап алу оңай емес екені белгілі. Өйткені осы дерттен айығу үшін қыруар қаржы керек, емдейтін психологтар кейде көп қаржы сұрап жатады. Өйткені оларға сұраныс өте жоғары. Ең ауыры, құмар ойынға салынушылар арасында өз-өзіне қол жұмсайтындар да жыл санап артып барады. Мәселен, статистика бойынша жылына Қазақстанда 5 мыңнан аса адам өз-өзіне қол жұмсаса, олардың басым бөлігі — құмар ойынның құрбаны болғандар.

Иә, дамыған елдерде құмар ойындарға деген құштарлықты психологиялық ауру ретінде қарастырады. Ол тіпті аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі тізімінде де бар. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ойынқұмарлықтың қауіпті екенін ескерте отырып, «лудомания» деген арнайы медициналық диагноз өнгізді. Осы арқылы жаһандық ұйым құмар ойындар мен компьютер ойындарына тәуелділер нашақорлар мен маскүнемдер сияқты эмоционалды жандар екенін мойындады.

Мәселен, АҚШ-тың құмар ойындар проблемаларымен күрес жөніндегі қауымдастықтың зерттеуіне сүйенсек, әлемдегі кез келген қала тұрғынының аяқ астынан қылмыскерге айналуы 6 пайыз болса, маскүнемге айналуы 34 пайыз, нашақорлыққа салынуы 32 пайызды құрайды, ойынқұмар болуы 48 пайызға жетеді екен. Өкініштісі, бұл көрсеткіш жылдан-жылға өсіп барады.

Біздің елде орта есеппен 350 мың адам құмар ойынның құрбанына айналса, олардың орташа қарызы 10 млн теңгеден асады. Сондай-ақ әрбір 10 жұптың 7-еуі құмар ойынның кесірінен ажырасады екен.

Бұл тұрғыда аймағымыздың үлесі көңілге кірбің ұялатады. Қызылорда облысында мұнай өнімдерінің заңсыз айналымына қатысты 7 іс тіркелсе, 6 істің өндірісі аяқталып, сотқа жолданған. Ал көлеңкелі экономика бағытында жедел іздестіру нәтижесінде 21 қылмыстық іс тіркелген. Бұл туралы Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Бақыт Қайшыбеков мәлімдеді.

Департамент басшысының айтуынша, осы жылдың 10 айында өндірісте 36 іс болып, 14 іс өндіріспен аяқталған. Мемлекетке келтірілген залал мөлшері 200 млн теңгені құрап, сотқа дейінгі тергев жұмыстары нәтижесінде 145 млн теңге өндіріліп, залалдың өндірілу үлесі 72,5 пайызды құраған.

— Экономикалық қылмыстарды халықтың әлеуметтік жағдайынан бөліп қарауға болмайды. Экономикалық өсу мен дамуға тосқауыл болатын әрбір қылмыстық әрекеттің қоғамға және адамдарға залалы орасан. Сондай қылмыстардың бірі — заңсыз ойын бизнесімен байланысты. Заңсыз ойын ұйымдастыру бойынша соңғы 2 жылда департамент өндірісінде 22 қылмыстық іс болып, 20 ойын орны жабылды. Барлық қылмыстық іс аяқталып, соттың шешімі шықты, — деді ол.

Департаменттің өндірісіндегі ауқымды жұмыстардың бірі — қаржы пирамидасы мен алаяқтық. Бұл тұрғыда есепті кезеңде департамент Q-Net пирамиды ұйымына қатысты қылмыстық істі аяқтап, сотқа жолдаған. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында 40 жәбірленушіге 53 млн теңге көлемінде келтірілген залал толығымен өндіріліп, 47 млн теңге көлемінде мүлікке тыйым салынды. Сонымен қатар департамент «Chia-Tai» қаржы пирамидасының Қызылорда қаласындағы құрылымдық бөлімшесін басқарған күдіктіні қамалуға алған.

БАҚ өкілдерімен болған брифингте Бақыт Қайшыбеков қаржылық сауаттылық негізінде атқарылып жатқан жұмыстарды да сөз етті. Сондай-ақ ҚР қаржылық мониторинг агенттігінің экономикалық құқық бұзушылық фактілерін хабарлауға арналған арнайы телеграмм боттың іске қосылғанына ерекше тоқталды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1788